

МАМАНДЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

5B010200 – БОПӘ мамандығының білім беру бағдарламасы *Бакалавриат* деңгейі

5B010200 – БОПӘ мамандығы бойынша білім беру мақсаттары:

5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім берудің негізгі мақсаттары:

- кәсіби қызметке қажетті іргелі білім, білік және құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- экологиялық, физикалық және этикалық, құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру;
- тілдік дайындық;
- жалпыадамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру;
- патриоттық рухқа, Қазақстан Республикасы халықтарының достығын құрметтеуге, толеранттылыққа тәрбиелеу болып табылады.

1. Біліктілік және қызметтер тізімі

Аталған білім беру бағдарламасын меңгерген түлекке «Білім беру бакалавры» дәрежесі беріледі.

5B010200 – БОПӘ мамандығының білім беру бакалавры Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылдың 13 шілдедегі № 338 бұйрығының 2011 жылдың 09 маусымдағы № 241, 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 512 өзгертулері мен толықтыруларымен бекітілген педагогикалық қызметкерлер мен оған теңестірілетін тұлғалардың Типтік біліктілік сипаттамасына сәйкес біліктілік деңгейі жоғары маман ретінде еңбек өтіліне қарамастан жұмысқа алынады:

- бастауыш сынып мұғалімдері.

2. Білім беру бағдарламасын меңгерген түлектің біліктілік сипаттамасы

2.1 Кәсіби қызмет аясы

«5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім беру бакалавры өзінің кәсіби қызметін бастауыш білім беру аясында жүзеге асырады. ҚРҒ бойынша біліктілік деңгейі – 6.

2.2 Кәсіби қызмет нысаны

5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалавры кәсіби қызметінің нысаны:

- меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан бастауыш орта білім беруді ұйымдастыру.

2.3 Кәсіби қызмет пәні

5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалавры кәсіби қызметінің пәні:

- жалпы білім беретін мектептің алғашқы сатысының барлық түріндегі педагогикалық үдеріс және білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыс болып табылады.

2.4 Кәсіби қызмет түрлері

«5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалавры келесі кәсіби қызмет түрлерін атқара алады :

- диагностикалық (оқушы тұлғасын зерттеу, оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелері);
- ұйымдастырушылық-технологиялық (оқыту және тәрбиелеу үдерісін педагогикалық технология негізінде ұйымдастыру);
- басқарушылық-педагогикалық («субъекті-субъектілік» әрекеттестік, білім беру менеджменті);
- жобалау (бастауыш мектептегі білім беруді моделдеу);
- ғылыми-зерттеушілік (білім беру мәселелерін шешудегі шығармашылық ізденістер, педагогикалық тәжірибені зерттеу, рефлексия).

2.5 Кәсіби әрекет қызметтері

5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалаврының кәсіби әрекет қызметтері мыналар болып саналады:

- білімдік;
- тәрбиелік;
- ғылыми-зерттеушілік;
- коммуникативтік-рефлексивтік;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- санитарлық-гигиеналық.

2.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалавры кәсіби қызмет міндеттерін кәсіби іс-әрекетінің түрлеріне сай шешуі тиіс:

✓ білімдік іс-әрекет саласында:

– оқушыларды оқыту және дамыту, оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру, педагогикалық үдерісті жобалау және басқару, диагностика, түзету, педагогикалық әрекет нәтижелерін болжамдау;

– жалпы білім беретін оқу орындарында сабақ жүргізу, әдістемелік білімді және қолданбалы білікті нақты жағдайда іске асыру.

✓ Оқу-тәрбиелік әрекет саласында:

– оқу-тәрбие жұмысын педагогикалық үдерістің заңдарына, заңдылықтарына, ұстанымдарына, тәрбиелік тетіктеріне сай жүзеге асыру;

– кіші мектеп жасындағы оқушылардың тұлға ретінде қалыптасу және даму үдерісін басқару;

– нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;

– сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр алуан формалары мен әдістерін жоспарлау, таңдау және қолдану;

– білім алушылар ұжымымен, сынып мұғалімдерімен, ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орнату.

✓ Оқу-технологиялық әрекет саласында:

– оқу үдерісінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану;

– оқушылардың субъектілік әрекеті туралы, ақпараттық-коммуникативтік құралдар мен технологияларды пайдалану арқылы бастауыш

білім беру туралы ақпараттарды іздеу және өңдеу үдерісін ұйымдастыруға қатысу.

Әлеуметтік-педагогикалық әрекет саласында:

- білім алушыларды тәрбиелеу және дамыту үшін қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- ✓ ата-аналармен немесе олардың орнына жауап беретін адамдармен байланысты жүзеге асыру.

✓ **Тәжірибелік-зерттеушілік әрекет саласында:**

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу;
- бастауыш оқытудағы озат педагогикалық тәжірибені зерттеу және жинақтау;
- ✓ педагогикалық эксперимент жүргізу және оның нәтижесін оқу үдерісіне ендіру.

✓ **Ұйымдастырушылық-басқарушылық әрекет саласында:**

- білім берудің әр түрлі деңгейлеріндегі бастауыш білім мазмұнын жоспарлау;
- оқу-білім үдерісін ұйымдастыру және жүргізу тәсілдерін анықтау.

2.7 Кәсіби қызмет мазмұны

«5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалавры кәсіби қызметінің мазмұны:

- педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастыру және басқару;
- білім алушыларды танымдық әрекет тәсілдерін белсенді меңгеруге және білімнің тұлғалық маңызын ұғынуға бағыттау;
- білім беру үдерісін толығымен білім алушылардың тұлғалық дамуына бағыттау, олардың өзін-өзі дамытып, жетілдіруі мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- әр түрлі педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау.

3. Оқу нәтижелері (жалпы құзыреттіліктер)

«5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалаврының оқу нәтижелері (ҚРҒ 6- біліктілік деңгей) Дублинский дескрипторларының бірінші деңгейіне сәйкес мынадай қабілеттіліктерді болжайды:

- оқыған саласы бойынша бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесіндегі ең тиімді элементтерді қоса отырып, білімдері мен түсініктерін көрсету;
- сол білімдері мен түсініктерін кәсіби деңгейде қолдану;
- бастауыш оқыту үдерісіндегі кәсіби міндеттерді шешу және дәлелдер келтіру;
- әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып талқылауды қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;
- бастауыш білім беру мамандары, сондай-ақ басқа мамандар ретінде ақпараттарды, идеяларды, мәселелерді хабарлау және шешу.

«5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бакалаврының **жалпы құзыреттіліктері** шешуші (жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзіреттіліктеріне қойылатын талаптар) және арнайы құзіреттіліктер негізінде қалыптастырылады.

3.1 Шешуші құзыреттіліктер

✓ **Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:**

- ой-өрісі кең ауқымды және ойлау мәдениеті дамыған жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік беретін жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық пәндер саласы бойынша базалық білімді меңгеру;
- кәсіби қызмет аясында ақпараттық технологияларды қолдану, қазіргі техниканы пайдалану дағдысын игеру;
- күнделікті кәсіби қызметі және магистратурада білім алуын жалғастыру үшін қажетті жаңа білімді меңгеру.

✓ **Әлеуметтік-этикалық құзыреттілікке қойылатын талаптар:**

- қоғамдық пікірге, салт-дәстүрге, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-экономикалық құндылықтарды білу және өздерінің кәсіби қызметтерінде соларға сүйену;
- іскерлік этика нормаларын сақтау, этикалық және құқықтық тәртіп нормаларын меңгеру;
- Қазақстан халықтарының дәстүрі мен мәдениетін меңгеру;
- әлем халықтарының мәдениетіне, дәстүріне толерантты болу;
- Қазақстан заңдары мен құқықтық жүйе негіздерін білу;
- Қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларын білу;
- әр түрлі әлеуметтік жағдаяттарды адекватты бағдарлай алу;
- топпен жұмыс жасауға қабілетті болу, өз көзқарасында тұра алу, жаңа шешім ұсыну;
- келісімге келе алу, өз пікірі мен ұжымның пікірін салыстыру;
- кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылу.

✓ **Экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттілікке қойылатын талаптар:**

- экономикалық білім негіздерін меңгеру, менеджмент, маркетинг, қаржы т.б. туралы ғылыми түсінігі болуы;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаты мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну.

✓ **Өскелең динамикалық үзілістер мен белгісіздік жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық, кәсіби өзгерістерге және географиялық, әлеуметтік ұтқырлыққа қойылатын талаптар:**

- қазіргі ақпараттық ағымдарды бағамдау және өзгермелі динамикалық құбылыстар мен әлемдік экономикалық үдерістерге бейімделу;
- кәсіби қызметіне байланысты әр түрлі жағдайлар мен жағдаяттарға икемді және ұтқыр болу;
- белгісіздік және тәуекелдік жағдайларда экономикалық және басқарушылық сипаттағы шешім қабылдау дағдысын меңгеру.

3.2 Арнайы құзіреттіліктер

✓ **А –білім және түсінік:**

- A1 – бастауыш мектеп педагогикасы мен этнопедагогикасының әдіснамалық негіздері мен категориялары туралы білім;
- A2 – бастауыш білім беруге қатысты нормативті-құқықтық құжаттар, бала құқығы және мүгедектер құқығы жайындағы негізгі халықаралық және отандық құжаттар туралы білім;
- A3 – қазіргі бастауыш білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұны мен құрылымы туралы білім;
- A4 – кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасын қалыптастыру мен дамыту заңдылықтары туралы білім;

A5 – баланың мектепке дайындығын мониторингілеудің ғылыми-теориялық негіздері туралы білім;

A6 – оқытылатын пәндердің теориялық негіздері туралы білім;

A7 – бастауыш сыныптардағы оқу пәндерін оқыту әдістемесі туралы білім.

✓ ***B – білімді және түсініктерді қолдану:***

B1 – бастауыш білім берудің теориялық негіздерін, кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту теорияларын, технологияларын, әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ бастауыш білім беру деңгейіндегі білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасындағы білімді қолдану;

B2 – оқу-тәрбие үдерісін моделдеу және оны оқу-тәрбие үдерісінде іске асыру;

B3 – білім алушылардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына, дамуына психология-педагогикалық зерттеудің сапалық және сандық әдістері арқылы диагностика жасау;

B4 – балалардың әр түрлі әрекеттерін, білім беру ортасындағы субъектілердің тұлғалық ықпалдастығы мен біріккен іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру;

B5 – кәсіби қызметінде инновациялық технологияларды меңгеру, стандартты емес және баламалы шешім қабылдауға қабілетті болуы;

B6 – оқушылардың шешуші құзыреттіліктерін қалыптастыру дағдылары;

B7 – білім беру және мәдени-ағартушылық жұмысында нормативті құжаттарды және пәндік білімдерін қолдану.

✓ ***C – талқылауды қалыптастыру:***

C1 – жүйелі ойлау және педагогикалық іс-әрекетті тұтас қабылдау;

C2 – еркін ойлау сыни, аналитикалық, диагностикалық дағдылар;

C3 – педагогикалық кәсіптің әлеуметтік мәнін ұғыну, кәсіби этика ұстанымдарын сақтау;

C4 – қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымы ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыруға қабілетті болу;

C5 – оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі туралы талқылауды қалыптастыруға және рефлексивті талдау жасауға қабілетті болу;

✓ ***D – тұлғалық қабілеттіліктер:***

D1 – қарым-қатынас технологиясын, педагогикалық риторика дағдыларын, қатысым стратегияларын меңгеру;

D2 – кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және ведомстваралық әрекеттестігіне қатысу, педагогикалық ынтымақтастыққа қабілеттілік және толеранттылық;

D3 – зияткерлік, моралдық-адамгершілік, мәдени, қатысымдық, ұйымдастырушылық-басқарушылық дағдыларды дамытуға ұмтылу;

D4 – білім берудегі инновациялық идеяларды үйренуге және қолдануға қабілеттілік, педагогикалық қызметке жоғары қызығушылық, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;

D5 – салауатты өмір салтын қалыптастыруға және еңбек тәртібін сақтауға қабілеттілік.

4. Оқыту стратегиялары мен әдістері

5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (ҚРП 6-біліктілік деңгей) мамандығы бойынша оқытудың жалпы нәтижелеріне келесі оқу іс-шаралары арқылы қол жеткізіледі:

- 1) *аудиториялық сабақтар*: дәрістер, семинарлар мен практикалық сабақтар – оқытудың инновациялық технологияларын, ғылымдағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, ақпараттық жүйе мен технологияларды және интербелсенді формаларды қолдана отырып жүргізіледі;
- 2) *аудиториядан тыс сабақтар*: білім алушылардың өзіндік жұмыстары, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмыстар, жеке консультациялар;
- 3) оқу және кәсіби практикаларды өткізу, диплом жұмысын дайындау (жоба).

Мамандықтың білім беру бағдарламасының мазмұны білім алушылардың пәндік, пәнаралық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдер жүйесін меңгеруіне, бастауыш білім беру саласында сол білімдері мен түсініктерін кәсіби деңгейде көрсетуіне мүмкіндік береді.

Дәрістер, семинарлар, пікірталастар және практикалық сабақтар, әр түрлі практикалар «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бағдарламаның өн бойында студенттердің шешуші және арнайы құзыреттіліктерді дамытуына кеңінен мүмкіндік жасайды, соның ішінде оқыту үдерісінде педагогикалық технологиялар мен ақпарат көздерін (мультимедиялық оқыту бағдарламалары, электрондық оқулықтар, ТВ және интернет технологиялары) қолдануға мүмкіндік береді.

Профессор оқытушы құрамының студенттердің өздік жұмыстарына жетекшіліктері, жеке консультациялары студенттердің оқу және ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бітіруші курстардың студенттері өздері таңдаған тақырыпта ғылыми жетекшісінің басшылығымен дипломдық жұмыс жасайды.

5. Оқыту нәтижесін бақылау және бағалау

Бакалавр дайындауда (ҚРҒ 6-біліктілік деңгейі) «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының бағдарламасы оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалаудың кең ауқымды әр алуан түрін қарастырады: ағымдық және аралық бақылау (сабақ кезінде сұрау, оқу пәніндегі тақырыптар бойынша тестілеу, бақылау жұмысы, курстық жұмыс қорғау, пікірталастар, тренингтер, коллоквиум, дидактикалық материалдар дайындау т.б.), аралық аттестация (оқу пәндерінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, практика есебін қорғау), мемлекеттік қорытынды аттестация (диплом қорғау, мемлекеттік пәнаралық емтихан).

Бағалау әдістері сыни ойлауды, зияткерлікті, ауызша және жазбаша сөйлеуін, таныстырылым жасай алу білігін, лабораториялық зерттеулерді дамытуды мақсат етеді.

Мамандық бағдарламасы оқу және үздіксіз педагогикалық практиканы бүкіл оқу кезеңдері бойында жүргізуді қамтиды, мұның өзі студенттерге пәндік білімдерін және инновациялық технологияларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ білім алушы мен мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынасының оңтайлы болуына ықпал етеді.

6. Пән және арнайы құзыреттіліктер матрицасы

№	Пән	A1	A2	A3	A4	A5	A6	A7	B1	B2	B3	B4	B5	B6	B7	C1	C2	C3	C4	C5	D1	D2	D3	D4	D5
1.	Педагогика	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*		*	*	*
2.	Психология	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*		*	*	*
3.	Зерттеу әдістері	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*		*	*	*

4.	Кіші мектеп жасындағы оқушының психологиялық дамуы				*	*	*			*	*	*		*	*	*	*	*	*	*		*	*		*
5.	Педагогикалық менеджмент	*	*	*	*		*		*	*	*	*	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
6.	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	*	*	*	*		*		*	*	*	*	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
7.	Кәсіби қазақ (орыс) тілі								*	*				*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*
8.	Кәсіби бағытталған шет тілі								*	*				*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		*
9.	Педагогикалық риторика	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
10.	Математиканы оқыту –1			*			*	*								*	*	*		*			*	*	
11.	Математиканы оқыту –2			*			*	*								*	*	*		*			*	*	
12.	Математика негіздері			*			*	*								*	*	*		*			*	*	
13.	Жаратылыстану ғылымдарының негіздері			*			*	*								*	*	*		*			*	*	
14.	Балалар әдебиеті			*			*	*								*	*	*		*			*	*	
15.	Қазіргі қазақ (орыс) тілі негіздері	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
16.	Музыкалық тәрбие негіздері (практикумымен)	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
17.	Қазіргі білім беру технологиялары	*	*		*	*			*		*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
18.	Критериалды бағалау технологиясы	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
19.	Шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы	*	*	*	*				*	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
20.	Инклюзивті білім беру	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
21.	Аспаптық дайындық			*	*		*	*	*	*	*	*	*						*		*		*	*	
22.	Вокал және хор	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
23.	Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістемесі			*	*		*	*	*	*	*	*							*		*		*	*	
24.	Педагогикалық шеберлік			*	*		*	*	*	*	*	*							*		*		*	*	
25.	Каллиграфия практикумы			*	*		*	*	*	*	*	*							*		*		*	*	
26.	Мультимедиялық дидактикалық материалдар жасау практикумы			*	*		*	*	*	*	*	*							*		*		*	*	
27.	Орыс (қазақ) тілінен факультативтік сабақ ұйымдастыру әдістемесі			*	*		*	*	*	*	*	*							*		*		*	*	
28.	Есеп шығару практикумы				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
29.	Сауат ашуды оқыту	*	*	*	*		*		*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
30.	Орфография практикумы	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
31.	Тілді оқыту – 1	*	*		*	*			*		*	*	*			*	*	*		*		*	*	*	

32.	Тілді оқыту – 2	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*		*	*	*	
33.	Әдебиеттік оқуды оқыту				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
34.	Жаратылыстану ғылымын оқыту				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
35.	Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі			*			*	*	*	*			*	*	*	*	*	*	*	*				*		
36.	Бейнелеу өнері технологиясы	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*	*		*	*	*
37.	Еңбекке баулу технологиясы			*			*	*	*	*			*	*	*	*	*	*	*	*				*		
38.	Дене мәдениетін оқыту				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
39.	Мамандандыру практикумы –1	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
40.	Мамандандыру практикумы –2	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
41.	Практика –1				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
42.	Практика – 2				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
43.	Практика – 3				*		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*
44.	Практика – 4	*	*	*	*		*		*		*	*	*			*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*

<p>✓ <i>А – білім және түсінік:</i> A1 – бастауыш мектеп педагогикасы мен этнопедагогикасының әдіснамалық негіздері мен категориялары туралы білім; A2 – бастауыш білім беруге қатысты нормативті-құқықтық құжаттар, бала құқығы және мүгедектер құқығы жайындағы негізгі халықаралық және отандық құжаттар туралы білім; A3 – қазіргі бастауыш білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұны мен құрылымы туралы білім; A4 – кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасын қалыптастыру мен дамыту заңдылықтары туралы білім; A5 – баланың мектепке дайындығын мониторингілеудің ғылыми-теориялық негіздері туралы білім; A6 – оқытылатын пәндердің теориялық негіздері туралы білім; A7 – бастауыш сыныптардағы оқу пәндерін оқыту әдістемесі туралы білім.</p>	<p>✓ <i>С – талқылауды қалыптастыру:</i> C1 – жүйелі ойлау және педагогикалық іс-әрекетті тұтас қабылдау; C2 – еркін ойлау, сыни, аналитикалық, диагностикалық дағдылар; C3 – педагогикалық кәсіптің әлеуметтік мәнін ұғыну, кәсіби этика ұстанымдарын сақтау; C4 – қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымы ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті ұйымдастыруға қабілетті болу; C5 – оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігі туралы талқылауды қалыптастыруға және рефлексивті талдау жасауға қабілетті болу;</p>
<p>✓ <i>В – білімді және түсініктерді қолдану:</i> B1 – бастауыш білім берудің теориялық негіздерін, кіші мектеп жасындағы оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту теорияларын, технологияларын, әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ бастауыш білім беру деңгейіндегі білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасындағы білімді қолдану; B2 – оқу-тәрбие үдерісін моделдеу және оны оқу тәжірибесінде іске асыру; B3 – білім алушылардың іс-әрекетіне, қарым-қатынасына, дамуына психология-педагогикалық зерттеудің сапалық және сандық әдістері арқылы</p>	<p>✓ <i>Д – тұлғалық қабілеттіліктер:</i> D1 – қарым-қатынас технологиясын, педагогикалық риторика дағдыларын, қатысым стратегияларын меңгеру; D2 – кәсіби міндеттерді шешуде мамандардың пәнаралық және ведомстваралық әрекеттестігіне қатысу, педагогикалық ынтымақтастыққа қабілеттілік және толеранттылық; D3 – зияткерлік, моралдық-адамгершілік, мәдени, қатысымдық, ұйымдастырушылық-басқарушылық дағдыларды дамытуға ұмтылу;</p>

<p>диагностика жасау; В4 – балалардың әр түрлі әрекеттерін, білім беру ортасындағы субъектілердің тұлғалық ықпалдастығы мен біріккен іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру; В5 – кәсіби қызметінде инновациялық технологияларды меңгеру, стандартты емес және баламалы шешім қабылдауға қабілетті болуы; В6 – оқушылардың шешуші құзыреттіліктерін қалыптастыру дағдылары; В7 – білім беру және мәдени-ағартушылық жұмысында нормативті құжаттарды және пәндік білімдерін қолдану.</p>	<p>D4 – білім берудегі инновациялық идеяларды үйренуге және қолдануға қабілеттілік, педагогикалық қызметке жоғары қызығушылық, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу; D5 – салауатты өмір салтын қалыптастыруға және еңбек тәртібін сақтауға қабілеттілік.</p>
--	--

Сонымен қатар бағдарлама 5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша бакалаврдың 3.1 пунктте көрсетілген шешуші құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталып оқытылатын мына пәндерді қоса қамтиды: Компьютерлік ғылымдар, Артбілім, Шет тілі – В-1, В-2, Қазақ (Орыс) тілі, Тәуелсіз Қазақстан тарихы, Білім беру философиясы, Экономика және бизнес, Дене тәрбиесі.

7. 5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы және оның компоненттерін бөлу нормалары

№	Әрекет түрі	Кредит саны	Апта саны	Сағат бойынша жалпы көлем
1	Теориялық оқыту (1:2)	129	105	5805
2	Дене шынықтыру (2:0)	8	60	240
3	Қорытынды аттестация (1:6), оның ішінде:	3	6	315
	1) мемлекеттік емтихан (1 МЕ)	1	2	105
	2) диплом жұмысын жазу және қорғау	2	4	210
	Барлығы:	140	111	6360
4	Практика (кәсіби), оның ішінде:	6	15	450
	1) оқу (1:0)	2	1	30
	2) педагогикалық (1:1)	4	4	120
	3) өндірістік (1:4)	4	10	300
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Емтихан сессиясы (7x3 апта)	-	21	-
	БАРЛЫҒЫ:	150	210-240	6810

Бакалавр дәрежесін алу үшін студент 5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының оқу жұмыс жоспарына сәйкес кемінде 129 кредит көлемінде теориялық оқыту мен кәсіби практиканы меңгеруі тиіс.